

Алға аудандық мәслихатының 2020 жылғы 8 қаңтардағы № 332 "2020-2022 жылдарға арналған Ақай ауылдық округ бюджетін бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Ақтөбе облысы Алға аудандық мәслихатының 2020 жылғы 1 сәуірдегі № 357 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 8 сәуірде № 7022 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет Кодексінің 9-1 бабының 2- тармағына және 104, 109-1 баптарына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабына сәйкес, Алға аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Алға аудандық мәслихатының 2020 жылғы 8 қаңтардағы № 332 "2020-2022 жылдарға арналған Ақай ауылдық округ бюджетін бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6768 тіркелген, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде 2020 жылғы 28 қаңтарда жарияланған) шешіміне келесідей өзгерістер енгізілсін:

1 тармақта:

1) тармақшасында:

кірістер – "18 187" сандары "19 309,4" сандарымен ауыстырылсын;

оның ішінде:

салықтық емес түсімдер – "20" сандары "1 142,4" сандарымен ауыстырылсын;

2) тармақшасында:

шығындар – "18 187" сандары "19 309,4" сандарымен ауыстырылсын.

2. Көрсетілген шешімнің 1 қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

3. "Алға аудандық мәслихат аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімді Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы шешімді оны ресми жарияланғаннан кейін Алға аудандық мәслихатының интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы шешім 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Алға аудандық
мәслихат сессиясының төрайымы

Алға аудандық
мәслихатының хатшысы

Г. Джармухамбетова

Б. Жумабаев

Алға аудандық мәслихатының 2020 жылғы 1 сәуірдегі № 357 шешіміне қосымша

Алға аудандық мәслихатының 2020 жылғы 8 қаңтардағы № 332 шешіміне № 1 қосымша

2020 жылға арналған Ақай ауылдық округінің бюджеті

| Санаты | | | | | Сомасы (мың теңге) |
|-------------|----|---|--|---------|-----------------------|
| Сыныбы | | | | | |
| Кіші сыныбы | | | Атауы | | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | |
| | | | I. Кірістер | 19309,4 | |
| 1 | | | Салықтық түсімдер | 1858 | |
| | 04 | | Меншікке салынатын салықтар | 1858 | |
| | | 1 | Мүлікке салынатын салықтар | 18 | |
| | | 3 | Жер салығы | 68 | |
| | | 4 | Көлік құралдарына салынатын салық | 1772 | |
| 2 | | | Салықтық емес түсімдер | 1142,4 | |
| | 01 | | Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер | 20 | |
| | | 5 | Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер | 20 | |
| | 06 | | Басқа салықтық емес түсімдер | 1122,4 | |
| | | 1 | Басқа салықтық емес түсімдер | 1122,4 | |
| 4 | | | Трансферттердің түсімдері | 16309 | |
| | 02 | | Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер | 16309 | |
| | | 3 | Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер | 16309 | |

| Функционалдық топ | | | | | Сомасы (мың теңге) |
|-------------------------------------|---|-----|------------|--|-----------------------|
| Функционалдық кіші топ | | | | | |
| Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі | | | Бағдарлама | | |
| | | | | Атауы | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| | | | | II. Шығындар | 19309,4 |
| 01 | | | | Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер | 16165,4 |
| | 1 | | | Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар | 16165,4 |
| | | 124 | | Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты | 16165,4 |
| | | | 001 | Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер | 15665,4 |
| | | | 022 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 500 |
| 07 | | | | Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық | 2394 |
| | 3 | | | Елді мекендерді көркейту | 2394 |

| | | | |
|----|-----|--|------|
| | 124 | Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты | 2394 |
| | 008 | Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру | 1032 |
| | 009 | Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету | 140 |
| | 011 | Елді мекендерді абаттандыру және көркейту | 1222 |
| 12 | | Көлік және коммуникация | 750 |
| 1 | | Автомобиль көлігі | 750 |
| | 124 | Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты | 750 |
| | 013 | Аудандық маңызы бар қалаларда, кенттерде, ауылдарда, ауылдық округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету | 750 |
| | | III. Таза бюджеттік кредиттеу | 0 |
| | | IV. Қаржы активтерімен жасалатын операция бойынша сальдо | 0 |
| | | Қаржы активтерін сатып алу | 0 |
| | | V. Бюджет тапшылығы (профицит) | 0 |
| | | VI. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) | 0 |
| 7 | | Қарыздар түсімі | 0 |
| | 01 | Мемлекеттік ішкі қарыздар | 0 |
| | 2 | Қарыз алу келісім шарттары | 0 |
| 16 | | Қарызды өтеу | 0 |
| 1 | | Қарызды өтеу | 0 |
| | | Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары | 0 |
| | | Бюджет қаражатының қалдықтары | 0 |